



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*БЕРДІҚҰЛОВА А. С.,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.
Астана, Қазақстан*

Оқылым әрекеті – үйренетін тілдің дыбыстық жүйесінің заңдылықтары бойынша графикалық таңбалар арқылы мағлұматты қабылдау және белсенді өңдеу үдерісі. Оқылым әрекетін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін зерттеу, тіл үйренушінің оқу техникасын дамыту жолдарын айқындау, оқылым мәтіндеріне қойылатын талаптарды айқындап, соңғы мақсатты нәтижеге жетуге ықпал ететін мәтінмен жұмыс түрлерін ғылыми тұрғыдан зерделеу, айқындау бүгінгі күнде аса маңызды болып отыр.

Қазіргі таңда тіл үйрету әдістемесінде қолданылып жүрген «оқылым», «жазылым», «айтылым» терминдерінің бастауын А. Байтұрсынұлының «Ана тілінің әдісі» атты мақаласынан кездестіреміз: «Тіл үйрету дегенге оқу үйрету, жазу үйрету, сөйлеу үйрету кіреді. Сөйлеуді айрықша үйретпей-ақ, әуелі, ата-анасынан, онан кейін айналасынан үйреніп біліп кетеді. Оқу мен жазу ондай емес, бұлар айрықша үйретуді керек қылады [1].

Алаш арыстары А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанов, Ж. Аймауытұлы оқылым әрекетін дамыту ісі әрқашан жазылым әрекетін қалыптастырумен қатар жүруі керек деп есептейді. Т. Шонанов: «Сауат аштырғанда жазу-оқу қатар жүруі керек», - десе [2], Қ. Кемеңгеров: «Оқумен қатар жазуға үйрету керек», - деп, осы пікірді қуаттай түседі [3].

Ал А. Байтұрсынұлы ана тілін оқытуда қолданылатын «Жазу-оқу» деген әдісті тиімді деп санайды [4].

Оқылым әрекетін дамытуда оның әр алуан түрлерін қолдану аса маңызды. Ж. Аймауытұлы «Ана тілінің оқыту әдісі» деген мақаласында оқылымның бірігіп оқу, толайлап оқу, жеке-дара оқу, өз бетімен оқу, дауыстап оқу және әлеумет алдында оқу деген түрлерін атап көрсетеді [5].

Алғашқы қазақ оқу құралдарын дайындап, оның әдістемесін ұсынған алаш зиялылары оқылымға ұсынылатын мәтіндерге қойылатын талаптарды да нақтылап көрсетіп берді. Т.М. Әбдікәрімова «А.Байтұрсынұлының «Әліб-бій» оқулығының әдістемелік сипаты» деп аталатын мақаласында А.Байтұрсынұлы әліппе мәтіндерін құрастыруда деректерді өз ортасынан алып отырғандығын жазады Әліппедегі материалдар балалардың қабылдауына жеңіл, тәрбиелік мәні тереңінен қарастырылып, өте ұқыптылықпен жүйеленген. Батыс, шығыс, орыс әдіскерлерінің еңбектерімен таныс болып, сол білімін халықтың түсінігімен ұштастыру – А.Байтұрсынұлының нағыз әдіскердің шеберлігі [6].

Ж. Аймауытұлының: «Кіласта оқығанда, шын жаңа, қызық әңгіме алыну керек; балалардың жайшылықта оқи бермейтін, «іш пыспайтын, әңгімесі болу керек. Ондай әңгімені мұғалім, не жақсы оқитын бала оңдап оқып, өзгелер тыңдап үйренсе, оқушыға да, тыңдаушыға да зор пайда бар», - деген пікірі де оқылым дағдысын қалыптастыруда оқу материалын таңдауға қойылатын талаптың жоғары болуы керектігін көрсетеді [5].

Қазақ тілі пәнінде мәтінтану (оқылым/тыңдалым) мен мәтінтудыру (айтылым/жазылым) – қатар жүретін үдеріс. Барлық дағдыларда мәтін ұғымы қолданылады. «Мәтін – аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Ол – хабарды сақтаушы және жеткізуші болып саналады» [7].

Оқылым рецептивті, яғни қабылдаушы дағдылар қатарына кіреді. Оқылым әрекеті кезінде көру және ойлау мүшелерінің көмегімен коммуникативтік қарым-қатынас жүзеге асады. Оқылым кезінде тіл үйренуші қажетті, жаңа ақпаратпен танысып, оны өз өмірлік тәжірибесі

сараптамасында түсінуге әрекет жасайды. Оқылым арқылы тіл үйренуші өз таным көкжиегін кеңейтеді, сыни ойлау жүйесін дамытады. Сондықтан бұл дағды терең танымдық әрекетті талап ететін психикалық үдерістің арқасында жүзеге асады. Дегенмен бұл дағды сөйлеу әрекетінің басқа түрлеріне қарағанда жүзеге асырылуы жағынан ең жеңілі. Себебі оқылымның бастапқы деңгейіндегі қойылатын талап – өзге тілдегі ақпараттың жазбаша нұсқасын танып, дыбыстап оқу ғана болады. Ал хат танитын ересектер үшін бастапқыда жаңа тіл үйрену тек сол тілдегі спецификалық таңбаларды есте сақтау міндеті ғана болады. Көз алдында тұрған мәтін тіл үйренуші үшін үлкен көмек, тірек қызметін атқарады. Сондықтан да оқылым әрекеті басқа сөйлеу әрекеті түрлерінің ішіндегі ең жеңілі саналады. Осы бастапқы кезеңде оқу техникасын дамытып, жылдамдығын арттыруға үлкен мән беріледі. Мәтіндегі тіл үйренушіге біршама таныс кейбір сөздерді тұтас қарамай оқу әдісін де меңгеру маңызды. Тіл үйренудің бастапқы кезеңінде тіл үйренуші бар назарын жеке сөздердің жазылуы мен беретін мағынасын есте сақтауға шоғырландырады. Сөздікпен жұмыс істей отырып, жекелеген сөздердің мағынасын тануға ұмтылып, мәтіннің жалпы мазмұнын ұғуға тырысады. Сол себепті тіл үйренушіге бейімделіп, өңделген шағын, жеңіл мәтіндер ұсынылады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қатысымдық бағдарлы оқыту әдістемесінің негізін қалап, сөйлеу әрекетінің түрлерін айқындаған Ф.Оразбаеваның докторлық диссертациясында алғаш оқылым әрекетін дамытудың жолдары сараланып көрсетілді. Ғалым оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу екенін айтады. Ғалым өз еңбектерінде оқылымның танымдық, зерделік, ізденімдік, көрсетімдік оқылым сияқты түрлерін жіктеп көрсетеді. «Оқылымда берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің» маңызды екеніне тоқталады [8].

Ал Г.Т. Бейсенбекова қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесін арнайы зерттеп, осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ол «Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында тілдік қатынас арқылы жүзеге асатын оқылым әрекетінің ғылыми-әдістемелік негіздерін, оқылым түрлерін, белгілерін анықтап, мәтіннің түрлерін жіктеді, оның ерекшеліктерін көрсетіп берді. Оқылымды меңгертудің әдістемесін ұсынды. Дауыстап және іштей оқуды қалыптастыратын тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін ұсынды [9].

Аталған зерттеулерде оқылым дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары мен әдістері, оқылым мәтінімен жұмыс түрлері, оқылым мәтіндеріне қойылатын талаптар ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерттеліп, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдер ұсынылды.

Ғалымдар оқылым тәрізді күрделі коммуникативтік дағдыны меңгерту белгілі бір тақырып аясындағы жан-жақты ауқымды білімді, сонымен қатар тілді жетік білуді қажет етеді деп есептейді. Оқылым әрекеті нәтижелі жүзеге асуы ең алдымен үшін тіл үйренушінің меңгерілетін ақпарат төңірегінде аялық немесе базалық білімі болуы керек. Сонымен қатар мәтіндерді түсіну үшін қажетті кең ауқымды біліктер мен дағдылар талап етіледі. Тіл үйренуші мәтінді түсініп оқу үшін орындауы керек маңызды әрекет – жаңа мәтінді өз өмір тәжірибесімен байланыстыруы.

Тіл үйретудің соңғы мақсатты нәтижесі – тілдік қатынасқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Тілдік қатынас дегеніміз – адамдардың бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, тіл арқылы тілдік қатынас жасауы [10]. Ол үшін оқылым мәтіндерін тіл үйренушілердің білім деңгейлері, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына қарай сәтті таңдап алып, оқылым алды және оқылым

соңы тапсырмаларының жүйесін дұрыс ұйымдастыру қажет болады. Сол кезде ғана оқылым дағдысын ұйымдастыруға бағытталған жұмыстар өз мақсатына жете алады.

Олай болса, оқылым дағдысын қалыптастыру әдістемесі тіл үйренушінің өзіндік жеке жұмысы деңгейінен шығып, басқалармен тілдесуге жетелейтін, тілдік қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін өнімді әрекетті дамытуға бағытталуы тиіс.

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты, үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің мәні зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, тіл үйренушінің қажетіне жарайды.

Көпшілік жағдайда тілді өз бетімен үйренушілер бірнеше кітаптарды жинақтап алып, сол бойынша өз бетімен оқу түрінде тіл үйренуді бастайды. Яғни, тіл үйрену тәжірибесін оқылым әрекетін дамытудан бастап жатады. Осы тұста оқылымның ең басынан бастап дұрыс ұйымдастырылмауы, оның фонетикалық заңдылықтарын ескермеу салдарынан қателіктерге бой алдырады. Сондықтан тілді өздігінен үйренудің алғашқы кезеңдерінде тыңдалым мен қайталап айту міндетті түрде оқылыммен қатар қолданылуы керек. Жалпы алғанда, тіл үйретуде «сөйлесім әрекетінің барлық түрлері (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) жарыспалы түрде кезектесіп жүріп отырады [10].

Қорыта келе, қазақ тіл білімінде оқылым мәселесі ХХ ғасырдың басынан бастау алады. Алаш зиялылары еңбектерінен оқылым әрекетін дамыту бойынша кешенді зерттеу, жүйелі тұжырымдарды көреміз.

Аталған ғалымдардың оқылым әрекетінің түрлерін жіктеулері, оқылымға ұсынылатын мәтіндерге қойылатын талаптар мен оқылым дағдысын қалыптастыру әдістері жайлы пікірлері бүгінгі тіл үйрету, ана тілін оқыту әдістемесінде де аса маңызды.

Қазіргі таңда ғалымдар кез келген тілді меңгеру үшін оқу үдерісі сөйлеу әрекетінің барлық түрін (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) қамтуы керек дегенге бірауыздан келіседі. Дегенмен, көптеген жағдайда оқылым әрекеті әдістемелік тұрғыдан өз деңгейінде бағаланбай келеді. Оқылған мәтінді қабылдау мен түсінуге бағытталған сөйлеу әрекетінің өнімсіз түрі болғандықтан, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, жазылым сияқты өнімді түрлерімен салыстырғанда оқылымға азырақ көңіл бөлінетіні рас. Алайда кейбір зерттеушілер оқылымды «сөйлеу және тілдік дағдыларды қалыптастыратын және бақылайтын құрал» ретінде қарастырып, оның маңызын айқындайды. Олардың пікірінше, өз бетінше жеткілікті көлемдегі мәтінді оқу сөздік қорға, грамматикалық және жазу дағдыларының қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар оқылым тіл мен мәдениетті зерттеу құралы, ақпараттық және білім беру құралы және өз бетінше білім алу құралы сияқты әртүрлі қызмет атқарады.

Ғылыми әдебиеттерде оқылым мәселесіне арналған бірқатар еңбектер бар. Дегенмен, бұл еңбектерде берілген оқылым дағдысын дамытуға байланысты нұсқаулықтар мен ұсыныстарды уақыт сыны тұрғысынан қарап, іріктеп қолдануды естен шығармау керек. Өйткені оқылым дағдысын дамытудың мақсаты қоғам дамуына сәйкес өзгеріске ұшырауға бейім болып келеді. Заманның дамуына байланысты шетел тілдерін үйретуде, оның ішінде қазақ тілінде оқылымды меңгертуге қойылатын талаптар, оқылымды дамытудың шарттары, яғни оқылатын мәтіндердің түрлері, күрделілік деңгейі мен көлемі өзгеруде.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. Ана тілінің әдісі 1927. №9 (24). 23-31-б. Кітапта: ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.

2. 472-бет Т. Шонанов Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында // «Жаңа мектеп». - 1929. №1. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
3. Кемеңгерұлы Қ. Жат тіл оқыту әдісі. Жинақта: Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 317 б.
4. Байтұрсынұлы А. Жалқылаулы-жалпылау әдісі // («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп». 1928. №1. 31-37-б. Жинақта: «Тіл тағылымы». Алматы: «Ана тілі», 1992. - 368-372-б.
5. Аймауытұлы Ж. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». 1929.-№1. 11-36-б. Аймауыт ұлы. Ана тілінің оқыту әдісі // «Жаңа мектеп». -1929.- №2.-7-31-б. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, «Қазығұрт» баспасы», 2013. – 664 бет.
6. Әбдікәрімова Т.М. А.Байтұрсынұлының «Әліб-бій» оқулығының әдістемелік сипаты // «А.Байтұрсынұлы оқулары – III. «А.Байтұрсынұлы тағылымы: тіл, терминология, әдістеме» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Астана, 2010. - 215 б.
7. М.Ахметова . «Мәтін лингвистикасы». – Орал, - 2008.
8. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Шығармалар жинағы. 2-т. Тілдік қатынас. Ғылыми монография [Мәтін]. – Алматы: «Ан-Арыс», 2019. – 584 б.
9. Бейсенбекова, Г.Т. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі [Мәтін]: пед. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 2001. – 146 б.
10. Курманова, А.К., Курманбаева, Ш.К. Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі [Мәтін] // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы № 1, 2022. - 400-412 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ҮЙРЕТУДЕГІ ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕҢГЕРТУ ТЕОРИЯЛАРЫ

ХОПУР А.Е.,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты.

СӨРСЕКЕ Г.Ә.,

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты.*

Қазақстан, Астана қ.

Аннотация. В статье дается общее понятие дисциплины «усвоение второго языка» в целях объяснения процесса преподавания казахского языка русскоязычной аудитории. Далее представляются самые важные теории, предложенные в свое время для понимания природы усвоения второго языка. Также раскрывается необходимость исследования нейронаучной основы усвоения и преподавания второго языка.

Abstract. This article presents a general introduction to “second language acquisition” as an academic discipline aiming to explain the process of teaching the Kazakh language to the Russian speaking classroom. It then reviews the most important theories proposed at the time for understanding the nature of second language acquisition. It also reveals the need to study the neuroscientific basis of second language acquisition and teaching.

Кілт сөздер: қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту, екінші тілді меңгерту, екінші тілді меңгерту теориялары, ана тілі, тіл үйрету теориялары